

## **Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2008 жылғы 1 мамырдағы ағымдағы жағдайы**

2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнет ақы қоры жұмыс істеді. (бұдан әрі – қорлар). Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асруға лицензиялар 2008 жылғы сәуір айында заңды тұлғаларға берілген жоқ.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 13 заңды тұлғада бар, оның ішінде 8 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия бар.

Есепті күнге 11 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызмет атқарды. Сонымен қатар, қорларға кастодиандық қызметті 6 екінші деңгейдегі банк көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы - «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразиялық Банкі» АҚ және «АТФ Банкі» АҚ.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Қорлар жинақтаушы зейнетақы жүйесіне республиканың экономикалық камтылған халқын тартуды жалғастыруда, нәтижесінде салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының «бұдан әрі – шот) саны үнемі өсіп келеді.

Сөйтіп, 2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнет ақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттарының саны 1 295,2 млрд. теңге жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасымен 9 322 932 болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айларында міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 99 220 немесе 1,08% өсті, оның ішінде сәуірде - 25 430 (0,27%).

2008 жылғы 1 мамырда 14 қордың ішінде салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны 4 қорда шоғырланды: «МЖЗҚ» - 26,13%, «Қазақстан Халық Банкі» - 21,58%, «ҰларҮміт» – 14,74% және «БТА Қазақстан» - 9,73% немесе олардың үлесіне барлық қорлар салымшыларының жалпы санының 72,18% келеді. Ағымдағы жылдың сәуір айында 4 қор бойынша 0,04 пайыздық тармаққа төмендеген.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны сәуір айында 85 (0,21%) өсіп, 2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 849,7 млн. теңге жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасымен 41 260 болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың шоттары барлық қорда болды.

2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп шот мынадай қорларда болды: «Сенім» – 46,11%, «Капитал» – 18,52%, «ҰларҮміт» – 14,27% және « Д.А. Қонаев атындағы» - 13,48% немесе 4 қордың үлесіне шоттардың жалпы санының 92,38% келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың шоттары ағымдағы жылдың сәуір айында 45-ке (1,14%-ға) көбейіп, 2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 58,3 млн. теңге жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасымен 3 992 болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар екі қорда ғана болды: «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық Банкі».

### **Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары**

2008 жылғы 1 мамырда салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары 1 300,1 млрд. теңгені құрады немесе ағымдағы жылдың 1 қаңтармен салыстырғанда 92,0 млрд. теңгеге немесе 7,62%-ға ұлғайған. Ағымдағы жылдың сәуір айында жинақталған зейнетақы қаражаттардың өсімі 30,8 млрд.теңге (2,43%) болды немесе осы жылдың наурыз айында қалыптасқан өсімімен салыстырғанда 1,6 есе көп.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары 2008

жылғы қаңтар-сәуір айында мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(млрд. теңге)

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасы	Өсімі (алдыңғы аймен салыстырғанда)	Өсу қарқыны (%-бен)
01.01. 2008 ж.	1 208,1	43,5	3,74
01.02. 2008 ж.	1 221,4	13,3	1,10
01.03. 2008 ж.	1 249,8	28,4	2,33
01.04. 2008 ж.	1 269,3	19,5	1,56
01.05. 2008 ж.	1 300,1	30,8	2,43

Келтірілген кестеден жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсімі біркелкі емес екенін көрсетеді. Бұл ретте, ағымдағы жылдың жинақталған зейнетақы қаражаттарының ең аз сомасы - 13,3 млрд. теңге болды немесе жинақталған зейнетақы қаражаттарының 2007 жылғы желтоқсанда қалыптасқан өсімінен 3,3 есе кем. Бірақ, 2007 жылғы тиісті кезеңде жинақталған зейнетақы қаражаттарының орташа айлық өсімі 19,3 млрд.теңге болып қалыптасқан кезде 2008 жылғы қаңтар- сәуір айларында жинақталған зейнетақы қаражаттарының орташа айлық өсімі 23,0 млрд.теңге болды, немесе 19,17% өскен.

2008 жылғы 1 мамырда 14 қордың ішінде ең көп жинақталған зейнетақы қаражаттары 4 қорда: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» - 383,1 млрд. теңге (29,47), «ҰларҮміт» - 223,6 млрд.теңге (17,20%), «МЖЗҚ» – 216,1 млрд. теңге (16,62%) және «БТА Қазақстан» - 142,3 млрд.теңге (10,94%) құрады немесе жиынтығында осы 4 қорға барлық жинақталған зейнетақы қаражаттарының 74,23% келеді.

Зейнетақы жарналарының жалпы келіп түсуі сәуір айында 23,4 млрд. теңгеге (2,41%) ұлғайып, 2008 жылғы 1 мамырда 994,8 млрд. теңге болды. 2007 жылғы қаңтар-сәуір айларында орташа айлық келіп түсуі 16,9 млрд.теңге болған кезде, ағымдағы жылдың қаңтар-сәуірде олар 20,7 млрд.теңге болды немесе өсімі 22,49% құрады.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылар мен алушылардың шоттарына есепке алынған «таза» инвестициялық кірістің сомасы (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда) ағымдағы жылдың сәуір айында 9,91 млрд. теңгеге (2,83%) ұлғайып, 2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 360,1 млрд. теңгені құрады.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны 2008 жылғы қаңтар-сәуір айларында мынадай көрсеткіштермен сипатталды:


(млрд. теңгемен)

Күні	«Таза» инвестициялық кіріс сомасы	Өсімі (алдыңғы аймен салыстырғанда)	Өсу қарқыны (%-бен)	Жинақталған зейнетақы қаражаттары ішіндегі «таза» инвестициялық кірістің үлесі (%-бен)
01.01.2008 ж.	339,3	19,9	6,23	28,09
01.02.2008 ж.	337,5	-1,8	0,53	27,63
01.03.2008 ж.	348,9	11,4	3,38	27,92
01.04.2008 ж.	350,2	1,3	0,37	27,59
01.05.2008 ж.	360,1	9,9	2,83	27,70

Келтірілген кестеден ағымдағы жылдың сәуір айында «таза» инвестициялық кіріс сомасының алдыңғы есепті аймен салыстырған елеулі өскенін байқауға болады және өсім сомасы 8,6 млрд.теңге немесе ұлғаюы 7,6 есе болған.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған қаражаттары сомасы ішіндегі «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2008 жылғы 1 мамырда 27,70 болды немесе есепті айда үлес 0,11 пайыздық тармаққа ұлғайды.

### Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражаттарының өзгеру динамикасы (млрд. теңгемен)



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстамағаны және аудармағаны және жинақталған зейнетақы қаражаттарын бір қордан екінші қорға аударымдарды жүзеге асырмағаны үшін өсімпұл сомасы өсуде, ол 2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 8,2 млрд. теңге болды немесе алдыңғы есептік аймен салыстырғанда 0,5 млрд.теңге (6,7%) өскен.

Зейнетақы төлемдері мен қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 74,1 млрд. теңге болды немесе, ағымдағы жылдың 1 сәуірімен салыстырғанда 2,56 млрд.теңгеге (3,58%) өскен. 2007 жылғы тиісті кезеңінде 5,5 млрд. теңге төленген кезде 2008 жылғы қаңтар-сәуір айларында қорлармен жалпы сомасы 11,0 млрд. теңге зейнетақы төлемдері жүзеге асырылған, немесе 2 есе көп.

Салымшылардың жинақталған зейнетақы қаражаттарын зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарына аудару 2008 жылғы қаңтар-сәуір айларында жалпы сомасы 73,1 млн. теңгеге 81 алушыға жүзеге асырылды.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша ақпаратты Агенттік сайтында орналастыру, сондай-ақ, қорлармен ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау салымшыларға (алушыларға) қорда өз бетімен таңдауға және зейнетақы заңнамасымен берілген жинақталған зейнетақы қаражаттарын бір қордан екіншісіне аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


Нәтижесінде жинақталған зейнетақы қаражаттарын бір қордан екіншісіне аудару сәуір айында 10,7 млрд. теңгеге (4,58%) өсіп, 2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 244,1 млрд. теңге болды. 2008 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражат аударымдары 34,3 млрд.теңгеге немесе 16,35%-ға өскен.

### Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылдың сәуір айында 32,3 млрд. теңгеге немесе 2,54%-ға ұлғайып, 32,3 млрд. теңге болды.

2007 жылғы 1 мамырдан бастап 2008 жылғы 1 мамырға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 26,3 млрд. теңге болды.

### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің бөлінуі

ЗАИБЖАҰ	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен в %
ЖЗҚ		
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	384 096	29,48
«Жетісу» ЗАИБЖАҰ» АҚ	243 318	18,68
«ҰларҮміт» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	224 059	17,20
«Қорғау» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	19 259	1,48
«МЖЗҚ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	216 591	16,63
«ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	142 591	10,94
«GRANTUM Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	77 849	5,98
«Грантум» Жинақтаушы зейнетақы қоры «Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы» АҚ	77 849	5,98
«Bailyk asset management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	42 825	3,29
«Сенім» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ («Еуразиялық банк» АҚ еншілес ұйымы)	42 825	3,29
«Капитал»ЖЗҚ» – «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы» АҚ	40 131	3,08
«Отан» Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	33 575	2,58

«Нефтегаз – ДЕМ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	31 945	2,45
«Нур-Траст» ЗАИБЖАУ» АҚ	31 223	2,40
«Атамекен» Жинақтаушы зейнетақы қоры» «Нұрбанк» АҚ еншілес ұйымы» АҚ	31 223	2,40
«Д.А.Қонаев атындағы Ашық Жинақтаушы Зейнетақы Қоры АҚ	28 458	2,18
«Қазақмыс» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	26 283	2,02
«Premier Asset Management» ЗАИБЖАУ» АҚ	3 793	0,29
«РЕСПУБЛИКА» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	3 793	0,29
<b>Жиынтығы:</b>	<b>1 302 678</b>	<b>100</b>

2008 жылғы 1 мамырда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі ағымдағы жылдың сәуір айында 26,5 млрд. теңгеге немесе 2,12%-ға ұлғайып, 1 279,4 млрд. теңге болды.

#### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.05.2008ж.	
	млн. теңге	%
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>315 349</b>	<b>24,65</b>
ҚР еурооблигациялары	0	0,00
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	274 590	21,46
Ұлттық Банктің ноттары	40 759	3,19
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>145 473</b>	<b>11,37</b>
акциялар	38 952	3,04
облигациялар	106 521	8,33
<b>Шетел инвестициялық қорларының пайлары</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>25 426</b>	<b>1,99</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>37 791</b>	<b>2,95</b>
<b>ҚР мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>553 134</b>	<b>43,23</b>
акциялар	173 656	13,57
облигациялар, оның ішінде:	379 478	29,66
Шетел валютасына номинирленген	2 562	0,20
Теңгеге номинирленген	376 916	29,46
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	<b>201 214</b>	<b>15,73</b>

Келтірілген деректерден инвестициялық портфельде ең көп үлесті ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар мен мемлекеттік бағалы қағаздар алады, олардың жалпы үлесі 67,88% құрайды немесе алдыңғы есептік аймен салыстырғанда 2,4 пайыздық тармаққа төмендеген.

### Қорлардың номиналды кіріс коэффициенті туралы мәліметтер

2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 2003 жылғы сәуір - 2008 жылғы сәуір кезеңіне - 46,94%. Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті - 43,33% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 59,63%);

- 2005 жылғы сәуір – 2008 жылғы сәуір кезеңіне - 32,69% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 39,69%);

- 2007 жылғы сәуір – 2008 жылғы сәуір кезеңіне - 8,76% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 19,10%).


Ағымдағы жылдың сәуір айында жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кіріс коэффициентінің өсуі мыналарды құрады:

- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 12 айда 43 базистік тармаққа;

- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 36 айда 76 базистік тармаққа;

- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 60 айда 32 базистік тармаққа

### ЖЗК зейнетақы активтерінің және номиналды кіріс коэффициентінің ара қатынасы



### Қорлардың қаржылық жағдайы

2008 жылғы жағдай бойынша қорлардың жиынтық капиталы 31,9 млрд. теңгені құрады, оның ішінде жарғылық капитал - 8,97 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың көлемінен - 28,12%. 2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы ағымдағы жылдың сәуір айында 0,9 млрд.теңгеге немесе 52,74%-ға ұлғайып, 33,7 млрд.теңге құрады.

2008 жылғы қаңтар – сәуірде 14 қордың ішіндегі 8 қор жалпы сомасы 3 345,4 млн. теңге пайда тапты (табыс салығын төлегеннен кейін), және 6 қор жалпы сомасы 418,9

млн.теңге зиян шекті немесе жалпы жүйе бойынша жалпы сомасы 2 926,5 млн.теңге пайда табылды. Зиян шеккен қорлар: «Атамекен», «Д.А.Қонаев атындағы», (НефтеГаз-Дем», «Сенім», және «Республика».

2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша қорлардың меншікті активтерін есебінен қаржы инвестициялары 25,48 млрд. теңге құрады немесе қорлардың жиынтық капиталының 79,87%.

Меншікті активтерін қорлар инвестициялардың жалпы көлемінен мемлекеттік бағалы қағаздарға - 39,48%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға - 0,32% инвестициялады, инвестициялардың жалпы көлемінен екінші деңгейдегі банк салымдарына - 10,18%, сондай-ақ, инвестициялық пай қорлары мен «Кері РЕПО» операцияларына орналастырды.

### Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштерінің динамикасы	01.01.04	01.01.05	01.01.06	01.01.07	01.01.08	01.05.08
ЖІӨ млрд. теңгемен (Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша)	4 612,0	5870,1	7 453,0	10 139,5	12 725,98	15 046,7
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	7,99	8,24	8,70	8,97	9,49	8,64
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ қатынасы, %- бен	5,99	6,48	6,88	6,74	7,17	6,61
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	2,15	1,95	2,08	2,52	2,67	2,39
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	0,14	0,14	0,16	0,20	0,23	0,21